



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 08 (1341) 27-желтоқсан. 2005 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады



Қазақта “Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарыққасын!” деген әдемі сөз бар. Өткен тауық жылында ел болып күткен үміттеріміздің бәрі “жұмыртқалады” деуге болады. Келе жатқан ит жылында адамдар бақыт іздеуде иісшіл болса екен дейміз. Және ол бақыт ұлттық құндылықтарымызды түгендеумен өлшенсе деген де тілек бар.

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ:

АЛМАТЫ ҚАЗАҚЫЛАНБАЙ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗАҚЫЛАНУЫ ҚИЫН

Алматы қазақыланбай, Қазақстанның қазақылануы қиын. Неге? Өйткені, Алматы – бүкіл қазақ көз тігіп отырған еліміздегі ең ірі қала. Тіршілігі қайнап жатыр. Даму қарқыны да жасаман емес. Содан соң Алматы – руханият ордасы. Еліміздегі іргелі мәдени, ғылыми ошақтар мен жсоғары оқу орындары осында шоғырланған. Яғни елдің экономикалық та, ғылыми да әлеуетінің дені Алматыда. Қазақтың тілі осындай мол мүмкіндігі бар жерде қолданылмағанда, қайда қолданылмақ? Осында өркендегенде, қайда өркендемек? Осыны ескере келіп, мен биылғы көктемде “Алматы қаласының жергілікті атқару органдарында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы” №2/189 қаулыға қол қойдым.

ЖАНА ЖЫЛ ЖАРҚЫН
МҰРАТТАРҒА ЖЕТКІЗСІН!

Кез келген елдің мемлекеттігі білімі мен ғылымының өркендеуіне тәуелді. Қазір біздің алдымызда әлемдік нарыққа өнімнің шикізат күйін ғана емес, бәсекеге қабілетті дайын тауар шығару мақсаты да тұр. Бұл – Қазақстан сияқты дамушы елдердің күн тәртібінде астын сызып қоярлық маңызды басымдық. Ал, оған жетудің алтын кілті білікті мамандар даярлауда жатқаны түсінікті. Сондықтан болар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жсоғары оқу орындарының өсіп-өркендеуін өзінің жеке бақылауына алып, олардың мәртебесін ұлықтап, санның сапаға ауысуына жсағдай жасаумен келеді. Бұл мемлекеттік қамқорлықты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қауымы да терең сезіне білуде.

Бекжан ӘШІРБАЕВ

Алла жазса, еліміз 2006 жылы Дүниежүзлік сауда ұйымына мүшеліке еруге, 2009 жылы Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуге ниеттеніп отыр. Бұл қадам біздегі екі бағыттың – экономика және саясат нарығының қалыптасқанын әлемдік қауымдастықтың толық мойындағаны болып табылары сөзсіз. Мемлекетіміздің әлеуметтік әлділігінің артып, саяси еркінің барынша мүмкін бола түскенін желтоқсанның төртінде өткен президент сайлауы дәлелдей түсті. Тоқсан бірде тәуелсіздік алған халқымыздың тоқсан бір пайызы тандалған бағыттың дұрыстығын жақтап дауыс бергенін көрдік.

Қазақта “Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарыққасын!” деген әдемі сөз бар. Өткен тауық жылында ел болып күткен үміттеріміздің бәрі “жұмыртқалады” деуге болады. Келе жатқан ит жылында адамдар бақыт іздеуде иісшіл болса екен дейміз. Және ол бақыт ұлттық құндылықтарымызды түгендеумен өлшенсе деген де тілек бар. Қағажу көріп келе жатқан мемлекеттік тіліміздің еңсесі тіктеліп, есіктен төрге озса, ортамыз ырысқа, омырауымыз гүлге толар үлкен олжа сол емес пе?! Неге десеніз, тоу-

елсіздіктің алғашқы жылдары қоғамдағы қазақ тілінің белсенділігін бірден арттыру мүмкін болмай келді. Оған сан ұлттың басы бір қазанға тоғысқан өзіндік ерекшеліктеріміз тежеу болып келгені аян. Бірақ, мәселеге ендігі ретте бұлайша бейжай қарай беру заман сұранысымен санаспау, тарихи өділдіктің орнауын кешеуілдету болғалы тұр.

Жақында Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов аға газетіміз “Егемен Қазақстанға” берген сұхбатында: “Алматы қазақыланбай, Қазақстанның қазақылануы қиын”, – деген ой айтып, өзінің ұлттың жанашыры, оның рухының жоқшысы екенін тағы да бір дәлелдеді. Қала әкімшілігінің барлық іс-қағаздары 2006 жылдың 1-қаңтарынан бастап мемлекеттік тілге көшетінін айтты. Бұл – ақмылтық қайраткер, арыңды азаматтың өзге басшыларға үлгі боларлық қадамы. Лайым, келер жыл ұлттық намысқа от салар осындай тәуекелдерге толы болғай!

Мемлекеттік тілімізге қатысты университетімізде атқарылып жатқан іс-шаралар хақында газетіміздің 3-бетінен оқи аласыздар.

● Тоғызыншы қабат

РЕКТОР белсенді студенттерді МАРАПАТТАДЫ



14 желтоқсан күні ҚазҰУ ректоры Т.Ә. Қожамқұлов мырзаның мәжіліс залында университеттің белсенді студенттерін марапаттау рәсімі өтті. Оның құрамында студенттермен қатар, магистранттар және аспиранттар бар. Қоғамдық-мәдени өмірде озық үлгі көрсетіп, қажырлы еңбек етіп, оқу ордасының абыройы үшін тер төккен жастар қауымын жылдың соңында жинаудың мақсаты – олардың басын қосып, салтанатты түрде сыйақы тапсыру болатын.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

Алғашқы болып сөз алған ф.-м.ғ.д., профессор Төлеген Әбдісағиұлы ізбасар алғыр шәкірттеріне алғысын білдіре отырып: “Негізгі міндеттерің – оқу. Ал бірақ қоғамдық жұмысты бірге алып жүрсендер, ертенгі күні Қазақстанның түкпір-түкпіріне бір-бір тірек болып барасыңдар”, – деп ұстаздық ақылын айтты. Барлық факультеттен жиналған 60 студенттің қолын жеке-жеке қысып тұрып, сыйақы конвертін тапсырған сәтте, әрбір жастың жанарында зор қуаныш және мақтаныш сезімі тұрды.

Бұдан кейін сөз алған Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор Н.О. Омашев мырза жастарға деген өзінің жүрекжарды сөзін арнап, жаңа жылда жаңа табыстар тіледі. Жиналған жастар атынан сөз алған Студенттер сенатының төрағасы, экономика және бизнес факультетінің 4-курс студенті Сәбит Мәтисев осылайша жастар еңбегін елеп-ескеріп жатқан басшылық тарапқа барша студенттер атынан зор алғысын білдірді.

Студенттер сенаты, “Сұңқар” кәсіподағы, Студенттер кеңесі, Пікір-сайыс клубы және Тәртіп сақтау отрядының мүшелері болып табылатын бұл жастар алдағы уақытта да өздеріне сеніп тапсырылған міндеттерді абыроймен атқарып, биік үдеден шығуға бар күшін салары сөзсіз.

БҮГІНГІ

САНДА:



Қазақстандағы арабтану ғылымы

2-бет

БАСТЫ МАҚСАТ -
ТІЛІНЕ ЕНЖАР ҚАРАМАЙТЫН
ЕЛЖАНДЫ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



3-бет

У главного вуза страны
должна быть особая роль
в обществе

4-стр.



НАШ УЧИТЕЛЬ



5-бет

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

22 қараша күні Ғылыми кеңес мәжілісінің кезекті отырысы өтті. Онда тарих факультетінің жсай-күйі және болашақтағы дамуы жөнінде факультет деканы Ж.Қ. Таймағамбетовтің есебі мен комиссия төрағасы Ж.А. Алтаевтың қосымша баяндамасы тыңдалды.

Ғылыми кеңес Қаулыларының орындалу барысын қадағалау мәселесі бойынша "Шығыстану факультетінің жұмысы жөніндегі есеп" тақырыбында факультет деканы Н.А. Алдабектің ақпары айтылды.

Түрлі мәселелерге бөлімінде университет оқытушыларын "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" республикалық конкурсына ұсыну жөнінде Оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі проректор, кандидаттарды іріктеу комиссиясының төрайымы, Г.К. Ахметованың ақпары тыңдалды. Бұдан кейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ агробиостанциясы жөнінде Бірінші проректор З.А. Мансуровтың ақпары ұсынылды. Шығыстану факультетінде кафедра атауларына өзгеріс енгізу жөнінде факультет деканы А.Алдабектің және тарих факультетіндегі 410-дәрісханаға Д.И. Дулатованың есімін беру жөнінде факультет деканы Ж.Қ. Таймағамбетовтің хабарламасы тыңдалды.

Мәжіліс соңында докторанттар мен аға оқытушылардың есептерін бекіту туралы факультет декандарының хабарламалары, сондай-ақ біліктілікке байланысты мәселелерді қозғайтын Бас ғалым хатшы Л.В. Екшмееваның хабарламасы айтылды.

РЕКТОРАТ

2005 жылдың 13 желтоқсанында өткен Ректорат мәжілісінде Қысқы сынақ-емтихан сессиясына дайындық жөнінде Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.А. Асановтың ақпары және ҚазҰУ түлектеріне деген сұраныс туралы Кәсіби бағдар беру және жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы О.И. Пономаренконың хабарламасы тыңдалды.

Түрлі мәселелер бөлімінде Пәкістанда болған жер сілкінісі салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету жөнінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай университеттің штаттық қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету жөнінде университеттің Жалпы және өндірістік-шаруашылық мәселелер жөніндегі проректоры С.Т. Шалғымбаевтың хабарламасы айтылды.

ЭКОЛОГИЯ:
теория мен тәжірибе

23-24

желтоқсан күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінің табиғи ресурстар және экологиялық құқық кафедрасы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті заң факультетінің экологиялық және аграрлық құқық кафедрасымен біріге отырып, жыл сайынғы дәстүрлі Байсалов оқулары аясындағы "Қазақстан мен ТМД елдерінде интеграция жағдайында экологиялық және аграрлық заңдарды үйлестіру мен дамыту мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.



профессор Сағындық Байсалұлының еңбек жолына тоқталып, экологиялық құқық заңдылықтарына қосқан үлесі жайында студенттерге тағылымы мол әңгіме шертті.

Сонымен қатар ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің кеңесшісі Л.Қ. Құрманова, ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігінің төрағасы Б.С. Оспанов, Парламент Мәжілісінің депутаты М.В. Трошихин, Мәскеу мемлекеттік заң академиясының профессоры Г.Е. Быстров, Ресей Үкіметі жанындағы салыстырмалы заң шығару және құқықтану институтының профессоры С.А. Боголюбов, Ресей Ғылым академиясының мемлекет және құқық институтының профессоры В.В. Устюкова, ҚР Жоғарғы Сотының судьялары А.Н. Жайылғанова, Т.А. Қожан тағы басқалар катысып, баяндама жасады.

Ресейден келген ғалым Г.Е. Быстров ғаламдық экология мәселесін тиімді шешуде осы саладағы заңдылықтарды ТМД мемлекеттерінің бір-бірінің озық тәжірибелеріне сүйене отырып реттестірудің маңызының зор екендігін атап өтті.

Осы конференция аясында ҚазҰУ-дың заң факультетінде заң ғылымдарының докторы, профессор Байсалов Сағындық Байсалұлы атындағы аудиторияның ашылу салтанаты болды.

Жансая СЕРҒАЗЫҚЫЗЫ

8-9

желтоқсан күндері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мәжіліс залында ҚР ҰҒА академигі Я.Ә. Дүбәкіровтың 80-жылдық мерейтойына арналған "Жаһандану дамуы бағытындағы ұлттық экономика" атты тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



ЖАҒАНДАНУ

ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

Конференция бағдарламасы келесідей секциялар бойынша жұмыс істеді: жаһанданудың теоретикалық және методологиялық мәселелері, жаһандану жағдайындағы ұлттық экономиканың мемлекеттік реттелуі, жаһандану мақсатындағы өсу сапасы мен әлеуметтік-экономикалық даму, жаһандану барысындағы ақша-несие және қаржылық жүйенің рөлі, жаһандану шартындағы есеп пен аудиттің көкейтесті мәселелері, қазақстандық бизнестің интеграциялық мәселелері.

Конференцияға Қазақстан, Франция, Ресейдің белгілі экономист ғалымдары катысты. Конференцияның пле-

нарлық отырысында экономика институтының директоры Л.И. Абалкин (Ресей), экономика ғылымдарының докторы, профессор Д. Сорокин (Ресей), экономика ғылымдарының докторы Б.К. Иришев (Франция), Майкл Хаг (КИМЕП), ҚР ҰҒА экономика институтының директоры, профессор М.Б. Кенжегузин, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономика институтының ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, А.Ә. Әбішев баяндама оқыды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АРАБТАНУ ҒЫЛЫМЫ



Конференция мақсаты – қазақстандық арабтану ғылымының болашақтағы бағытын анықтау, отандық шығыстану ғылымының негізгі және маңызды бағыттарын белгілеу, өткен 20 жылда арабтану ғылымы қол жеткізген жетістіктер, табыстар мен тәжірибелерді қорытындылау, жақын және алыс шет елдердегі шығыстанушы-арабтанушы ғалымдармен және араб елдерімен ғылыми-мәдени қарым-қатынастарды нығайту болатын.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары Араб тілі және әдебиеті, Аударма теориясы және практикасы, Араб елдерінің тарихы және мәдениеті, Араб елдерінің саясаты, экономикасы, Арабтану пәндерін оқытудағы жана әдістер мен технологиялар атты пәндер

бойынша жүргізілді.

Арабтану кафедрасы 1984 жылы ҚазМУ-дің филология факультеті құрамында ашылып, алғашқыда шығыс тілдері филологиясы болып аталды. Кафедраның негізін қалаушы шығыстанушы-арабтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Б. Дербісалиев болды. 20 жыл ішінде кафедра 400-ден астам маман даярлап шығарды.

Бұл іс-шараға Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында еңбек ететін араб елдерінен, алыс және таяу шет елдерден (Египет, Өзбекстан) шақырылған ғалымдар, атап айтар болсақ, "Нүр-Мұбарак" университетінің ректоры Махмуд Фаһми Хижази, "Айн Шамс" университетінің докторы Амер Мұхаммад Ахмад (Египет) сынды ұстаздар атсалыс-

12

желтоқсан күні ҚазҰУ-дың арабтану кафедрасының ұйымдастыруымен "Қазақстандық арабтану ғылымы: тууы және дамуы" тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция кафедра құрылуының жиырма жылдық мерейтойына және тұңғыш арабтанушы қазақ қызы, кафедраның профессоры Н.М. Маженованың 75 жылдық мерейтойына арналды.

ты. Сонымен бірге, Алматы, Астана, Шымкент, Қызылорда, Түркістандағы жоғарғы оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Конференция қонақтарының қатарында ф.ғ.д., профессор, кафедраның негізін қалаушы, шығыстану факультетінің алғашқы деканы Ә.Б. Дербісалиев, Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Б. Әміреев, ҚР-ның Қырғыз Республикасындағы Бас консулы Б.С. Тасымов және Сауд Арабиясы Королдігінің елшісі, Египет Араб Республикасының елшісі, Палестина елшісі, Біріккен Араб Әміршіліктері елшісі, Ливия елшісі сынды өзге де танымал тұлғалар болды.

Ғалия АҚСЕЙІТ

КОММУНИКАТИВТІ БІЛІМ АЛУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 7-8 желтоқсанда "Ашық қоғам жағдайында Қазақстан студент жастарының коммуникативтік білім алу мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жоғары білім берудің жаңа моделі құрастырылуда. Болашақ мамандарға дүниежүзілік коммуникация және өлемдік ойлау жүйесі ағымдарына ғаламдану процесінің аясында бейімделуде коммуникативтік білім және жоғарғы білім беруді реформалау салалары бойынша халықаралық тәжірибе алмасу мәселесі аса маңызды. Сондықтан да бүгінгі білім беру саясаты болашақ маман даярлауда олардың коммуникативтік біліктіліктеріне мән беруі тиіс.

Халықаралық конференцияда ЮНЕСКО, Әлемдік Коммуникативтік Ассоциация (WCA), АҚШ Ұлттық Коммуникативтік Ассоциациясы (NCA), Ресейдің Коммуникативтік Ассоциациясы (РКА) және басқа ТМД, шетел мемлекеттерінің жоғарғы оқу орындарының өкілдерінің баяндамалары тыңдалды. Сонымен қатар, ашық қоғам жағдайында қоғамдық дамуды ғаламдандыру және білім беру философиясы; студент жастарға коммуникативтік білім беруді дамытудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері; жоғары мектепте білім беруді ұйымдастыру коммуникациясы; жоғары мектептің оқу жоспарларына коммуникативтік білім берудің өлемдік тәжірибесін ендіру мәселелері жеке-жеке қарастырылды.

Баян САЙДАЛИНА

Тілдерді дамыту бөлімі Ғылыми кеңестің 2002 жылғы 21 қаңтардағы “Университет бөлімшелерінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу туралы” қаулысына орай оқу-есептеу орталығымен бірлесе отырып университеттің интранет жүйесіндегі “Деканат”, “Студент”, “Абитурент” бағдарламаларының қазақша үлгісін қолданылысқа енгізді.



Саби СУАТАЙ,
Тілдерді дамыту бөлімінің бастығы, филология ғылымдарының кандидаты

Осы күннен бастап тіл мерекесін республика көлемінде атап өту дәстүрге айналды. Жалпы тілдің қоғамдық өмірге ену процесін ғылыми тұрғыдан қарастыруға болады.

Қазіргі таңда елді-мекендердің, көшелердің тарихи атаулары қайтарылып, қазақтың аяулы азаматтарының есімімен аталынына бастады. Қала көшелеріндегі жарнамалардың екі тілде жазылуы, ақпараттардың мемлекеттік тілде берілуі, ұлттық дәстүрімізді дәріптейтін мәдени шаралардың көбейуі осының айғағы болса керек. Республика көлеміндегі құжаттарды басшылыққа ала отырып, қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов (№2/189,2005) тілдерді қолдану мен дамытудың қала аумағындағы нақты іс-шаралар жоспарын



қолдану мен дамыту бағдарламасына сәйкес мемлекеттік тілге көшіру болып табылады. Осы бағытта университетіміздегі тілдерді дамыту бөлімі жұмысының негізгі бағыттарының бірі – университет көлемінде қолданылатын іс қағаздардың қазақша үлгілерін дайындап, оларды қолданысқа енгізу.

Осы орайда, Студенттер бөлімінің, кәсіби бағдар беру және жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің қызметтік нұсқаулары мен ережесі, кеңсенің, кадрлар бөлімінің жеке еңбек келісім-шарты, заң секторының кейбір құжаттары, т.б. құрылымдардың іс жүргізуге қажетті құжаттары қазақ тіліне аударылды. Ғылыми кеңес пен ректорат жұмысының жоспарлары мен бірнеше жобаларының, іс номенклатурасының, магистратура бөлімінің курстық жұмысы, магистрлік диссертация, мемлекеттік қорытынды аттестация, магистратурадағы оқу пәні бойынша оқу әдістемелік кешен туралы ережелерінің және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасына қабылдау ережелерінің қазақ тіліндегі нұсқасы редакцияланды.

Тілдерді дамыту бөлімі Ғылыми кеңестің 2002 жылғы 21 қаңтардағы “Университет бөлімшелерінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу туралы” қаулысына орай оқу-есептеу орталығымен бірлесе отырып университеттің интранет жүйесіндегі “Деканат”, “Студент”, “Абитурент” бағдарламаларының қазақша үлгісін қолданылысқа енгізді.

Университетте “Менің Қазақстаным” фестивалі аясында “Мемлекеттік тіл – менің тілім” атты жалпы тақырыппен өткізіліп келе жатқан дәстүрлі іс-шаралар Қазақстан Республикасы халықтары арасында достық қарым-қатынасты нығайту, олардың ана тіліне, салт-дәстүріне, ұлттық мәдениетіне құрмет көрсету, өзге ұлт өкілдерінің университет көлемінде аталып өтетін мерекелік шараларға қатысып, өнерлерімен танылуына жағдай жасау, студенттердің мемлекеттік тілге ғана емес, басқа да тілді еркін меңгергендігін көрсету мақсатында ұйымдастырылады.

P.S.

Университет басшылығының негізгі ұстанымы – маман даярлап қана қоймай, елін, жерін, Отанын, тілін құрметтейтін елжанды азамат қалыптастыру болып табылады. Мемлекеттік тіл саясатын пәрменді жүргізу үшін университетте мемлекеттік тілде маман даярлау, мемлекеттік тілде ғылыми жұмыстар жазу, мемлекеттік тілде мәдени-көпшілік шаралар өткізу, т.б. мәселелер күн тәртібінен түспей, бір-бірімен ұштастырыла жүргізілу үстінде. Оның ішінде университеттегі өз ұлтымызбен қоса басқа ұлт жастарын өз өткеніміз бен тарихымызға құрметін арттыру арқылы қазақ тілін бойларына сіңіру басты мақсат болып табылады.

ҚазҰУ-дың журналистика факультеті мен “Эпицентр” әлеуметтік технологиялар агенттігінің бірлескен жобасы ретінде ұйымдастырылған бұл байқауға бакалавр және магистратура бөлімінің студенттері қатысты. Конкурс координаторы Жарнама және БАҚ менеджменті кафедрасының доценті Г.Сұлтанбаеваның айтуынша, бұл іс-шараның мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалдастығы мен қызметі туралы әлеуметтік зерттеу, сараптау және мониторинг жүргізу арқылы БАҚ-қа қолдау көрсету. 1-30 қараша аралығын қамтыған байқауға конкурстық жұмыстар межеленген мерзім біткен соң сараланып, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.

Қазылар алқасының төрағасы журналистика тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор С.Қ.Қозыбаев алғы сөз сөйлеген соң, тікелей конкурс қорытындысына көшті. Гран-приді 4-курс студенті Д.Сейсенбаев, 1-орынды 3-курс студенті Б.Нұрмақов, 2-орынды Д.Даутов, 3-орынды М.Қылыбаева иеленді. Ынталандыру сертификаты магистратураның 1-курс студенті Ж.Есенбек және 4-курс студенті Е.Азалбекке берілді. Жеңімпаздар дипломен қоса журналистке қажет бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

Еліміздің қазақ тілін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде жариялаған Конституциясына сәйкес тіл саясатының басым бағыты мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанның тіл саясаты еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстар тілінің дамуына да барынша жағдай жасауға бағытталады.

Қазақстан Республикасындағы “Тіл туралы” заң 1997 жылдың 11-шілдесінде қабылданды. Міне, тіл туралы тұғырлы заңның қабылданғанына биыл 8 жыл толып отыр. Бұл екінші рет қабылданған заң. Егеменді жас еліміз үшін бұл сегіз жыл, әрине маңызды мерзім. Заңды орындауды, бақылауды күшейту мақсатында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен,

Үкіметіміздің қолдауымен бірқатар заң актілері жарыққа шығып, сол бағытта біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Соның ішінде ең нақты әрі жанды құжат Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7-ақпандағы №550 жарлығымен бекітілген “Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы”. Оны іске асыру үшін Үкіметіміз бірнеше іс-шаралар жоспарын, қаулы-қарарлар қабылдады. Осы құжаттар негізінде келелі істер атқарылууда.

БАСТЫ МАҚСАТ - ТІЛІНЕ ЕНЖАР ҚАРАМАЙТЫН ЕЛЖАНДЫ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

“Тіл мәселесі – теңіз үстіндегі айсберг іспетті” – дейді академик Әбдуәлі Туғанбайұлы. Тауып айтылған, тамаша тенеу. Тіл мәселесі көп қырлы, күрмеуі қиын күрделі дүние. Ол табандылықты, байыптылықты, тіпті саясаткерлікте талап етеді. Бұған біздің халқымыздың бүкіл тарихи жағдайлары мен қазіргі көпұлттығын қоссақ тіпті күрделене түсетіні белгілі. Елбасымыз 1998 жылы 21-қыркүйекте Астанада өткен “Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы” атты республикалық конференцияда мынадай даналық сөз айтып еді: “Тіл мәселесінің өте нәзік екендігі, оны зорлықпен емес, тек қана шынайы ынтықпен ғана ынғайланатын шаруа екендігі белгілі. Ал оны мемлекеттік тіл ретінде қастерлеп, үйрену – елдің барша азаматтарының парызы...” Елбасымыздың тілге деген ілтипатының тағы бір анық көрінісі – 1998 жылғы Президент қаулысымен “22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күні” болып жариялануы.

бекітіп, оның орындалуын жіті бақылауға алып отыр. Әкімнің 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап Алматы қаласы толығымен мемлекеттік тілге көшеді деуі осының айғағы болса керек.

Ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміздің қолдаушысы, ана тіліміз бен тарихи жәдігерлеріміздің жанашыры Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың “Алматы қазақшыланды, Қазақстанның қазақшыланды” атты тақырыпта, “Егемен Қазақстан” газетіне (№277,09.12.2005) берген сұхбаты әрбір Қазақстандық азаматты толғандырады анық. Біз, яғни әрбір еліміз деп жүрегі соққан азаматтар бұған қолдау көрсетіп, осы айтылған сөзден ой түйіп, атсалысуымыз керек.

Бұл тұрғыдан келгенде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тілдерді дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының “Тілдер туралы” Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж. 14 тамыздағы Әл-

Байқау

9 желтоқсан күні журналистика факультетінің мәжіліс залында “Азаматтық қоғам қалыптастырудағы БАҚ-тың ролі” атты жас журналистер конкурсының нәтижесі жарияланды.



Жеңімпаз жас журналистер анықталды

Сайлау – 2005

ЖАСТАР ҚАЛАУЫН ЖАСАДЫ

“Тойдың болғанынан болады-сы қызық” демекші, қаншама күн сарыла күткен президенттік сайлау бұр күнде өте шықты. Ұзақ уақыт бойы кім президент болады екен деген сауалға жауап табылып, қорытындысы да жарияланды.



Махаббат ӘБДЕНОВА,
журналистика факультетінің 1-курс студенті

Халық қалаулысы, әсіресе жастар қалаулысы Н.Ә.Назарбаев қайтадан Елбасы болып сайланды. Ел тағдырын, жастар келешегін сеніп тапсырған Нұрсұлтан Әбішұлының келесі мерзімге президент болып сайлануы тегіннен-тегін емес. Онда Елбасының халық алдындағы беделі, сенімі мен ерігі көрініс тауып отыр.

Жеті жылда бір рет қана айналып келетін Президенттік сайлауда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға дайын, ауызбіршілікке ұмтылған студенттер қауымы да 4 желтоқсан күні белсенді түрде дауыс берді. Бұл жауапкершілігі мол дауыс беру үрдісіне жастардың жақсы ат салысуына университетіміздің жастар ұйымдары: Студенттік сенат, “Сұңқар” кәсіподағы және әсіресе, Студенттік кеңес мүшелері ерекше үлес қосты.

Осының бәрі де жастардың саяси-әлеуметтік мәселелерге бей-жай қарамайтындығының белгісі болса керек. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаевтың сайлау алды бағдарламасына деген зор сенімінің көрінісі екені анық. Ендеше, жасаған таңдауымыздың игілігін қоруге жазсын!



Великая хартия университетов мира является основой современных преобразований высшей школы. В Хартии определены четыре основных принципа деятельности университетов, один из них гласит: "Университет – автономный, по-своему организованный институт в сердце общества, который производит, оценивает, преумножает и распространяет культуру путем научных исследований и обучения..."



Майра САГЫМБАЕВА,
руководитель пресс-службы

У Главного Должна быть В обществе

Вуза страны Особая роль



расширения и совершенствования контактов с общественностью. Как усилить эффективность этой работы, какими "механизмами" можно этого добиться?

Важным здесь является совершенствование структуры пресс-службы. В настоящее время в нее входят информационная служба и лаборатория цифровой фотографии.

На сегодня актуальной становится организация при пресс-службе телестудии. Создание телестудии поможет решить целый ряд вопросов, связанных с созданием собственной видеопроодукции. Часто эта проблема возникает во время приемной кампании, когда из-за отсутствия собственного видеоролика, мы вынуждены зависеть от телеканала и дополнительно оплачивать их услуги по созданию рекламного видеоматериала. В других случаях мы могли бы предоставлять свою видеопродукцию телеканалам, которые постоянно обращаются к нам с просьбой разрешить им сделать видеоряд в учебных корпусах университета для очередного информационного сюжета. Кроме того, на договорной основе мы могли бы представлять телеканалам свои видеоматериалы для подготовки новостных сюжетов о мероприятиях, проходящих в КазНУ. Более того, телецентр мог бы стать и учебной базой для будущих журналистов-пиарщиков.

Другим стратегическим направлением работы пресс-службы становится создание студенческого пресс-клуба. Предпосылкой создания подобной организации в рамках пресс-службы стала необходимость повышения качества профессиональных навыков и развития молодых журналистов, подготовки кадров для пресс-центра и его подразделений (в частности, направления по связям с общественностью), координации позитивной общественной активности студентов и имиджа университета. Студенческий пресс-клуб мог бы стать хорошей практической школы СМИ. Кроме того, здесь студенты смогут участвовать в образовательных проектах пресс-клуба и сформировать и реализовать свои самостоятельные информационные проекты.

Конечно же, ключевым направлением любой пресс-службы остается информационная служба. В университете эта работа ведется в двух направлениях. Во-первых, это постоянная связь с ньюсмейкерами, в роли которых выступают подразделения и факультеты университета. Во-вторых,

Толеген Абдисагиевич убеждал высший состав университета, что руководитель не должен бояться выступать в средствах массовой информации: "Выступление в СМИ – это показатель компетентности руководителя".

взаимодействие с внешними СМИ, которое выражается в подготовке и распространении пресс-релизов, проведении пресс-конференций и встреч, работе по запросам журналистов, предоставлении различной информации, фотографий, организации помощи в получении консультаций со стороны профессуры КазНУ.

Еще несколько лет назад, когда на заседании ректората утверждалась Информационная стратегия взаимодействия КазНУ со СМИ, Толеген Абдисагиевич убеждал высший состав университета, что руководитель не должен бояться выступать в средствах массовой информации: "Выступление в СМИ – это показатель компетентности руководителя". При этом сам ректор своими выступлениями в средствах массовой информации показывает пример очень грамотного и профессионального позиционирования деятельности КазНУ в обществе. Сегодня же практически ни одно мероприятие, проводимое в КазНУ, не остается без внимания со стороны городских или республиканских СМИ, и информационное поле Казахстана не мыслится полноценным без информации о деятельности главного вуза страны.

P.S.

В новом году университет ожидают новые достижения. Наша общая задача не только расширить связи с общественностью и укрепить имидж университета, но и усилить его авторитет и влияние в обществе. Желаем всем больших успехов!



Последний месяц уходящего 2005 года для нашего университета был насыщен, полон интересных, ярких и познавательных событий. Об этом свидетельствует множество мероприятий, прошедших в стенах нашего университета и получивших широкое освещение в электронных и печатных СМИ.

Ежегодно кафедра конституционного и административного права юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби, проводит традиционный круглый стол. В этом году на нем обсуждались "Конституционно-правовые проблемы обеспечения ускоренной экономической и политической модернизации Казахстана", об этом сообщили агентство "Казинформ", "Казахское радио" и специализированный журнал "Құқықтық Қазақстан" (24 ноября 2005 г.).

Широкое освещение в СМИ получило мероприятие, посвященное 160-летию со дня рождения великого мыслителя, поэта и просветителя казахского народа Абая Кунанбаева, "Наследие Абая и современная духовность" ("Казинформ", "Казахское радио", и телеканалы "Казахстан", "КТК", "Алматы").

На современном этапе студенческая молодежь активно включается в жизнь мирового сообщества. Это наиболее образованная и перспективная часть общества, во многом определяющая будущее страны. Коммуникативные знания и умения все больше признаются обязательным компонентом профессионализма современного специалиста. В этой связи остро встает проблема коммуникативного образования. "Коммуникативное образование казахстанской студенческой молодежи в условиях открытого общества" – под таким названием в КазНУ им. Аль-Фараби проходила Международная научно-практическая конференция. Подробно эта новость обсуждалась в информационных выпусках телеканалов "Алматы", "КТК", "Астана", агентства "Казинформ", "Казахское радио" (7-8 декабря 2005 г.).

8-9 декабря в КазНУ прошла Международная научно-практическая конференция "Национальная экономика в векторе глобального развития", посвященная 80-летию известного в стране и за рубежом ученого-экономиста, академика НАН РК Я.А. Аубакирова. ("Хабар", "Казахстан", "Казахское радио", агентство "Казинформ", 8-9 ноября 2005 г.).

Состоявшаяся 12 декабря научно-практическая конференция "Зарождение и развитие арабской науки в Казахстане" была посвящена 20-летию кафедры арабистики и 75-летию профессора М.Н. Маженовой. Об этом рассказали в информационных выпусках "Казинформ", "Казахское радио", "Алматы", "КТК" (12 декабря 2005 г.) и газета "Казахстанская правда" (15 декабря 2005 г.).

14 декабря на историческом факультете состоялась Республиканская научно-практическая конференция "Проблемы изучения и сохранения историко-культурного наследия", посвященная 5-летию Музея палеолита Казахстана. Информация об этом прозвучала на волнах "Казахского радио", на сайте агентства "Казинформ" и в эфире телеканала "Астана".

В канун Дня независимости ученые КазНУ им. аль-Фараби поделились с читателями своими размышлениями о становлении нашей республики как независимого и суверенного государства. Читайте статьи проректора Н.О. Омашева "Өсер елдің баласы..." ("Қазақ әдебиеті", 16 декабря 2005 г.) и Гарифоллы Есима "Асанқайғының арманы жүзеге асты" ("Алматы ақшамы", 15 декабря 2005 г.).

Землетрясение, произошедшее недавно в Пакистане, никого не оставило равнодушным. Трудовой коллектив КазНУ им. аль-Фараби в качестве материальной помощи перечислил сумму однодневной заработной платы пострадавшим от землетрясения в Пакистане. Об этом сообщили газеты "Қазақ әдебиеті" (23-29 декабря 2005 г.), "Алматы ақшамы" и "Түркістан" (22 декабря 2005 г.).

Недавно в Алматы прошел вечер памяти, посвященный творчеству выдающегося композитора А. Еспаева. Газета "Алматы ақшамы" дала об этом вечере материал под заголовком "Әбілахаттың әбеу коңыр өуендері". Статья сопровождалась фотографией нашего ректора Т.А. Кожамкулова, исполнившего на баяне песню А. Еспаева "Сағыныш екен бала кез". Газета, неожиданно открыв ректора главного вуза страны с новой стороны, прокомментировала этот факт так: "Если бы все ректора были такими!".

Баян САЙДАЛИНА

СМИ: о юбилеях, конференциях, милосердии и ректоре



• Я.А. Аубакирову – 80 лет

С тех пор научная и педагогическая деятельность профессора Я.А. Аубакирова, с небольшим перерывом, тесно связана с самым крупным учебным заведением Казахстана. Именно в стенах КазГУ любознательный и упорный молодой специалист делает первые шаги в преподавательской и научной карьере, приобретает бесценный опыт сотрудничества и общения с людьми. Его педагогическая работа и научные исследования станут основой развития казахстанской экономической науки в период ее становления. В начале своего профессионального пути он работал вместе с замечательными учеными и преподавателями, о которых впоследствии с гордостью говорили как об основателях экономической науки республики, такими, как академик С.Б. Баишев, член-корреспондент АН КазССР Г.Ч. Чуланов, профессор С.А. Нейштадт, И.М. Бровер, Ф.А. Жеребятъев, Т.Ш. Шаукенбаев, Т.Т. Тулебаев, М.Е. Бутин, В.Н. Пурик, Ш.Г. Надыров, Д.К. Кабдиев, В.Г. Мордовин и многие другие.

Глубокая эрудиция, прочные знания, умение доносить их до своих слушателей – эти черты привлекают к молодому ученому и педагогу внимание не только студентов, но и старших коллег. Именно в этот период в научно-педагогической деятельности Я.А. Аубакирова окончательно формируются основы его дальнейших исследований и интересов, реализации которых он впоследствии посвятил многие годы упорного труда. В частности, одной из ключевых в его разработках становится проблема общих закономерностей и принципов социалистического хозяйствования, организации и функционирования аграрной экономики.

Внутреннее благородство и обостренное чувство справедливости, жизненная мудрость снискали Яхия Аубакирову глубочайшее уважение и искреннюю любовь со стороны студенчества и профессорско-преподавательского состава. Благодаря его неустанному труду и преданности профессии многие студенты идут в науку, осваивают тонкости практической экономики, организации хозяйственной деятельности. С его именем связано не только дальнейшее развитие преподавания и научных исследований в родном университете, но и весомый вклад в становление такого важнейшего подразделения КазГУ, как философско-экономический факультет, ставший в очень короткое время мощным центром социально-гуманитарной науки в Казахстане.

Сочетая организационную работу с научно-педагогической деятельностью, Я.А. Аубакиров активно участвует в подготовке научных трудов, учебников и учебных пособий как на русском, так и на государственном языке. В эти годы из-под его пера выходит ряд монографий, посвящен-



ных теоретическим проблемам экономической науки, а также современным вопросам аграрной экономики.

Результаты научно-исследовательской и организаторской деятельности доктора экономических наук, профессора Я.А. Аубакирова получили заслуженное признание научной общественности Казахстана. В 1975 году он был избран членом-корреспондентом, а в 1989-ом – действительным членом Академии наук КазССР.

Трудовая и общественная деятельность Яхия Аубакировича оценена правительственными наградами. Ему одному из первых среди работников вузов Казахстана присвоено почетное звание “Заслуженный работник высшей школы Казахской ССР”. Он награжден медалями СССР, Знаком “Отличник высшей школы СССР”, орденом “Курмет”, Почетными грамотами Верховного совета КазССР, Министерства высшего образования СССР. За заслуги в области науки и пропаганду ее достижений имя Я.А. Аубакирова занесено в Золотую книгу почета Всесоюзного общества “Знание”.

И совсем недавно, в дни празднования Дня независимости Республики Казахстан, мы стали свидетелями того, что в честь этой даты и в связи с 80-летием наш Яхия Аубакирович получил из рук Президента Н.А. Назарбаева высокую награду Родины – орден “Парасат”.

Академик Я.А. Аубакиров, разрабатывая современные основы транзитной экономики и рыночных отношений, всегда и непременно высказывал и высказывает собственное понимание проблемы. Не идеализируя рыночные отношения, не умаляя сложностей становления и работы механизма социально ориентированных рыночных преобразований, он постоянно подчеркивает необходимость государственного регулирования экономики в переходный период. Он полагает, что государственный стандарт, исключая изучение альтернативных теорий и делающий ставку на узкую специализацию в подготовке экономистов, выдвигает на первый план изучение ситуаций, а не концепций. Но ведь подлинное знание не исчерпывается констатацией функциональной связи, а предполагает установление причинно-системных зависимостей между эконо-

мическими явлениями.

Яхия Аубакирович много сил отдает делу подготовки молодых кадров. Многочисленные его ученики трудятся как в нашей республике, так и за ее пределами. За годы научного руководства аспирантами и соискателями он подготовил свыше 40 кандидатов и докторов наук.

Я.А. Аубакиров – авторитетный ученый-экономист с мировым именем. География его научных контактов и публикаций, выступлений в научных и образовательных центрах на научных форумах и в качестве лектора охватывает многие европейские страны, США, Мексику и другие государства.

Яхия Аубакирович с большой теплотой отзывается о московских, петербургских, киевских, ташкентских ученых-экономистах, с которыми на протяжении многих лет имеет творческие контакты.

Труды Я.А. Аубакирова приносят несомненную и существенную пользу нашей молодой республике, обретшей политическую и экономическую независимость. Он является членом специализированного Совета по защите докторских диссертаций при Национальной Академии наук РК, председателем экспертной комиссии по экономическим наукам ВАК РК, председателем Ученого совета по экономическим наукам КазНУ, членом редколлегии журнала “Вестник КазГУ. Серия экономические науки”.

Академик Я.А. Аубакиров – ученый огромного творческого дарования, сформированного глубиной и всесторонностью исследовательского поиска. Неисчерпаемый гуманизм Яхия Аубакировича, душевная теплота и скромность его природы, готовность выслушать и помочь служат настоящим примером для подражания, эталоном чести и достоинства Человека.

В дни юбилея нашего учителя в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби состоялась Международная научно-практическая конференция “Национальная экономика в векторе глобального развития”. На данном научном форуме были обсуждены теоретические и методологические проблемы глобализации, а также вопросы интеграции казахстанской экономики в мирохо-

В двадцатые годы двадцатого века в самом сердце овечьей ковыльной легендой великой степи казахов – Сары-арке – родился будущий академик Яхия Аубакирович Аубакиров. В сороковые-роковые, отслужив в рядах Советской армии и вернувшись домой, Яхия поступил в Омский государственный университет им. А.М. Горького, который успешно окончил в 1949 году и в том же году стал аспирантом экономического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

НАШ УЧИТЕЛЬ

Академик Я.А. Аубакиров – ученый огромного творческого дарования, сформированного глубиной и всесторонностью исследовательского поиска. Неисчерпаемый гуманизм Яхия Аубакировича, душевная теплота и скромность его природы, готовность выслушать и помочь служат настоящим примером для подражания, эталоном чести и достоинства Человека.

зайственные связи. В конференции приняли участие первый заместитель министра образования и науки РК Г.Н. Гамарник, вице-министр труда и социальной защиты населения РК Г.Н. Абдыкаликова, директор института экономики МОиН РК профессор М.Б. Кенжегузин, директор Института экономики РАН академик Л.И. Абалкин, заместитель директора Института экономики РАН профессор Д. Сорокин, академик МАИ, профессор А.А. Арупов, проректор по научной работе АТУ профессор К.Н. Нарibaев, декан факультета экономики и бизнеса КазНУ им. Аль-Фараби профессор Е.Б. Жатканбаев, профессор С.Н. Нысанбаев, профессор Р.Е. Елемесов и другие видные зарубежные, российские и отечественные ученые-экономисты, эксперты и общественные деятели. На конференции состоялось чествование академика Я.А. Аубакирова. Коллеги и ученики Яхия Аубакировича тепло поздравили ученого с 80-летием и пожелали ему продолжать активно работать на благо развития современной казахстанской экономической науки.

М.С. ТУЛЕГЕНОВА,
зав. кафедрой
экономической теории,
М.К. БАЙГИСИН,
доцент кафедры
экономической теории

САТИРА сардары

Карашаның 18 жұлдызында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде белгілі сатирик, акын, өнегелі ұстаз Үмбетбай Уайдинның 70 жылдық мерейтойы атап өтілді. Бұл кешті филология ғылымының докторы, журналистика факультетінің деканы Жақып Бауыржан Өміржанұлы жүргізді.

Қазақ салты бойынша Үмбетбай Уайдин атамызға ұжым атынан мерзімді баспасөз кафедрасының менгерушісі Төрегелді Бекниязов ағай шапан жапты.

Мерейтойға “Ара” журналының бас редакторы, белгілі сатирик, журналист Көпен Өмірбек, замандасы Қасымхан Ерсайым, сатирик Мыңбай Рәш қатысты. Олардың бірі той иесінің кісілігі мен кішілігі, шығармашылығы туралы әңгімелесе, Көпен Өмірбек Үмбетбай ағамыз жайлы “Із” деген

450 беттік кітап жазып жатқанын айтты.

Кешке “Күлегеш” театрының бүлдіршіндері қатысып, өздерінің бал тілдерімен Үмбетбай ағамыз бен жұбайы Мариям апайды қатты қуантты.

Мерейтой жазуынан бал тамған, айтқан сөзінен шам жанған журналистика факультетінің студенттерінің өнерімен жалғасын тапты.

Бауыржан ағайымыз кешті қорытындылай келіп, мерейтойды ұйымдастыруға ұйытқы болған ф. ф. к., доцент Дәмәгүл Баялиеваға баршаның аты-



нан алғыс айтып, Үмбетбай ағамызға 80 жылдық мерейтойын осы киелі кара шаңырақ астында бірге тойлайық деген риясыз тілегін білдірді.

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

• Қаршыға Қошкінбаев – 60 жаста



Үстаз деген ұлы сөздің мәртебесін қос иығына артқан Қошкінбаев Қаршыға Сәрсенбайұлы – өмірде өз орнын тапқан, жарқын көңілді, ақ жүректі, әрбір тапсырылған іске толық жауапкершілікпен қарайтын айтпаз азамат. Оның ердің жасы 60-қа толып, кейінгі ұрпаққа беретін тәлім-тәрбиесінің кемелденгенін айшықтайтын мерейтойының қуанышы бәрімізге ортақ.

АТТАНА
ЗАТТЫ
САЙ КІСІ

Отан соғысының сұрапыл жылдары аяқталып, ел өмірі енді ғана орныға бастаған кезеңде, нақтырақ айтсақ, 1945 жылдың жазында жаза өмірдің бастамасы мен жалғасы іспетті Қаршыға Сәрсенбайұлы дүниеге келіп, ата-анасының қуанышына айналды.

Ол өмірінің маңызды шақтарын елеулі істерге арнай білді. Ел қатарлы әскерлік борышын өтеп болған соң, 1968 жылы Қазақстан С.М. Киров атындағы университетінің биология факультетіне оқуға түсіп, оны 1973 жылы ойдағыдай аяқтап, ғылым жолын таңдады.

Қазақтың Ғылым Академиясының Зоология институтында 1994 жылға дейін ғылыми жұмыстармен айналысып жүріп, ғылым кандидаты атағына ие болды. Қазақстанның фаунасы жайында көптеген ғылыми еңбектері жарыққа шықты. университет қабырғасында қазақ тілі терминдерін бір жүйеге келтірудегі еңбектері де қомақты. 1994 жылдың қыркүйек айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экология және топырақтану кафедрасының оқытушылық қызметіне шақырылып, алғашында аға оқытушы болған ол, бүгінгі таңда доценттік қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қаршыға Сәрсенбайұлының жеке өмірінде де қуанарлық жағдайлар орын алып жатыр. Зайыбы Роза екеуі тәрбиелеп өсірген ұл-қыздары енді отау құрып, алғашқы немеренің қызығын көрсетуде.

Қаршыға Сәрсенбайұлына қыс-тай қатты денсаулық көктемдей келісті келбет, жаздай жайдары мінез беп күздей алтын байлық тілей отырып, тек білімді шөкірттердің ғана емес, сондай-ақ немере, шөберенің рахатын көріп, бақытты өмір мен қуанышты шақтарың молая берсін дегіміз келеді.

Биология факультеті,
экология және топырақтану
кафедрасының ұжымы



• Дебат



Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

Ж уырда, нақтырақ айтар болсақ, 19-20 қараша күндері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетте А.Құнанбайұлының 160 жылдығына арналған ректор Т.С. Садықовтың кубогі үшін Студенттердің республикалық турнирі өтті. Павлодар, Қарағанды, Шымкент және басқа да Қазақстанның бірнеше қаласындағы 20-дан астам Жоғары оқу орындарынан 50 шақты команда қатысқан бұл додада орыс және қазақ лигаларынан пікірсайысшылар бақ сынасқан болатын.

БАС ЖҮЛДЕ - БІЗДІҢ ПІКІРСАЙЫСШЫЛАРДА

Бір ерекшелігі, Турнирде көтерілген тақырыптар мазмұны жағынан әр түрлі болып, қоғамда орын алған өзекті мәселелерге арналды. Негізінен алғанда, еліміздің сыртқы саясаты, ұлттық құндылықтар және экономика тақырыптары қарарлардың арқауы болды.

Осы үлкен бәсекеде екі лига бойынша да бас жүлдені біздің, яғни Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері олжалады. Нақтырақ айтар болсақ, қазақ лигасындағы бас жүлдені және оған тиесілі кубок, марапат дипломы мен музыкалық орталықты Философия және саясаттану факультетінің 1-курс магистранты Әбділманова Ақмарал мен 3-курс студенті Ильясов Ерік иемденсе, орыс лигасындағы дәл осындай жүлделі тұғырға Халықаралық



қатынастар факультетінің 3-курс студенті Мұхамедиева Зарина мен 3-курс студенті Мадалиев Алмат жайғасты.

Айта кетер жайт, осы жеңімпаз 2 топ құрамындағы екі жігітіміз, яғни, Ерік пен Алмат осыдан бірнеше ай бұрын Президент шәкіртақысының иегерлері атанған болатын. Енді міне,

сол құрметті дәрежеге лайық екенін қайтара дәлелдеп жатыр.

Бұл жеңіс пікір-сайыс әлемінде білімі мен білігі арқылы көптеген жүлдеге қол жеткізіп жүрген ҚазҰУ студенттерінің бәріне ортақ десек, қателеспеспіз. Алда тағы бұдан да биік жетістіктерге жете беруіне тілектеспіз.

• Мереке

ЖАСТАР ЖАҢА ЖЫЛДЫ ТОЙЛАДЫ

Ж аңа жыл – баршаның асыға күтетін мерекесі десек, артық айтқандық болмас. ҚазҰУ студенттері де әрбір жаңа жылды есте қаларлықтай етіп, ерекше өткізуге ұмтылады.

20 желтоқсан күні Алматы қаласындағы ЖОО-ның көшбасшысы болып, әрі алғашқысы болып ҚазҰУ студенттері атақты “Stars-club” түнгі клубында жаңа жыл кешін атап өтті. “Сұңқар” студенттер кәсіподағы, Студенттер сенаты және Студенттер кеңесі ұйытқы болған бұл атаулы шараның жарнамасы біраз күннен бері біраз студентті “күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан” айырған болатын.

Ауызбіршілікпен дайындық шараларын өткізіп жүрген жастар ұйымының мүшелерінің талпынысын байқаған студенттер қауымы, бұл жаңа жыл кеші әдеттегіден өзгеше боларын сезді. Межеленген 600 билет хан талапайға түскенде, Ғалымжан Серімнің “шарасыз” жүзін көрді. Содан кейін, сейсенбінің кешінде мерекелік шара өтетін орында ағылды.



Хан (Бағдат Амандосұлы) мен тоқаппар ханшайымның (Әсел Жайсаңбай) сиқырлы сарайында отырғандай әсерде болған студенттер кеш басында 3 ұйымға біріккен 13 факультеттің белсенді студенттері өзирлеген қойылымды тамашалап, қазақша ән-биге бөленді. Одан кейін ҚазҰУ-ліктерге қонаққа келген “Жігіттер” кварталінің әсем өндері түнгі клуб ішін қазақы рухқа толтырды.

Жаппай биге көшкен студенттер бір отбасының баласындай, бір-біріне деген жарқын көңілмен жүрді. Сонымен қатар, дискотеканың ара-арасында университетіміздің КВН командасы өзін-қалжындарын сыйлап, кештің көңілді өтуіне атсалысты. Түрлі ойындар мен лоторея ұтысына қатысқан студенттер сыйлыққа қарық боды. Халық банкі мен ISIK студенттік карточкасының ұтыс ұйымдастыруы да көптеген жастар үшін күтпеген сый еді.

Бұл жаңа жылдық кештің тағы бір ерекшелігі, студенттермен бірге жаңа жылды барлық факультеттегі деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының бірге тойлауы болды. Қонақжайда Тіл және тәрбие саласының басшыларымен бірге отырған олар өз студенттерінің өнерін тамашалады. Сонымен қатар, кештің мәнді де сәнді өтуіне жүргізушілер Әния Байоразова мен Сәбит Мәтиевтың қосқан үлесін айтып өткен де орынды болар.

Осылайша, ҚазҰУ жастары Жаңа жылды тойлауды бастап кетті. Бұл кеш баршаның көңілінде ұзақ жылдарға сақталары анық.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

• Сайыс

КӨПТЕН КҮТТІРГЕН ЖЕҢІС

Қ араша-ның 12-сі күні Мәскеуде өткен ТМД елдері арасындағы жапон тілінен өткен шешендік өнер сайысында Қазақстан 5-ші жүлделі орынға ие болды. 10-нан астам мемлекеттерден 25 сайысшы жүлдеге түскен бұл жарыста, ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті, жапон бөлімінің 3-курс студенті Гүлмира Тазабекова өз өнерін шебер көрсете білді.

Жапон тілінен шешендік өнер сайысы ТМД елдері арасында жыл сайын өткізіледі. Оған ТМД елдерінің әр мемлекетінен екі сайыскерден таңдалып алынып, Мәскеу төрінде күш сынасады. Студенттер бұл сайыста өздерінің Жапон тілінің білімін ғана емес, өз тақырыптарын көрерменге шешендік, әртістік өнермен ұштастырып жеткізу қабілетімен де бағаланады.

Озып шыққан алдыңғы 6 сайыскерге 6 жүлделі орын тағайындалды. Осындай білім мен өнер шайқасында Гүлмира 5-ші жүлделі орынды иемденді. Алдыңғы 1-ден 4-ке дейінгі орындарға ресейлік студенттер ие болса, 5-орынды біздің студентіміз, ал 6-шы орынды Өзбекстаннан келген бауырымыз алды. Соңғы жылдары Қазақстанның бұндай жетістікке қол жеткізе қоймағанын ескерсек, Қазақстанның намысын қорғай білген Гүлмираны жалпы Қазақстанның және төл шаңырағының атынан тағы бір құттықтап қояйық.

Рауан БЕКИШОВА,
шығыстану факультетінің жапон тілі мұғалімі

• Ұйым

Қадамың құтты болсын, «АТАМЕКЕН»

У ниверситеттің студенттік әлемінде тағы бір жаңа қоғамдық ұйым пайда болды. Ол – география факультеті студенттерінің ынтымағымен құрылған “Атамекен” студенттік ұйымы.

Ұйым осы жылдың қараша айында ғана география факультеті деканатының келісімімен бекітілген болатын. Құрылғанына аз уақыт болса да, “Атамекенге” біріккен жастар бірнеше іс-шаралар ұйымдастырып үлгерді.

Студенттік өмірдің табалдырығын аттаған 1-курс студенттеріне арналған “Қадамың құтты болсын!” атты мерекелік іс-шарасының бір ерекшелігі ретінде кеште патриоттық рухтың асқақтап тұруын атауға болады. Кеш барысында өткен лоторея ұтысының жеңімпаздары мен белсенділік танытқан “балмұздақтардың” әрбіріне Қазақ елінің рәмізі – Көк Ту сыйлық ретінде берілді. Ал ең басты көңіл сүйсінер жаңалық, студенттік қатарға қабылдау рәсімі қазақ тілінің басымдылығымен өтті.

“Атамекен” студенттік ұйымы жуырда тағы бір шараның бастамашысы болды. Қазақ тілі пәнінің оқытушылары мен география және биология факультеттері студенттерінің қатысуымен “Қазақ тілінің бүгінгі мен ертеңі” деген тақырыпта мемлекеттік тілдің мәселелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Тіл жанашырлары кездесуінің беташарын Ғ. Сидалиев “Қазынасы еліміз” атты әнімен ашып берді. Алқалы жиынның өтуіне түрткі жа-



сап, әрі жүргізушісі болған – аталған ұйымның жетекшісі, география факультетінің 2-курс студенті Рахат Жақсыбайұлы. Ол пікір алмасу барысын “Неден ұттық, неден ұтылдық?”, “Студент ретінде не істеуіміз керек?” және “Келер күндегі әрекет қандай?” деген негізгі сауалдар төңірегіне шоғырландырып отырды. Қазақ тілінің келешегіне қатысты жастардың жүрегің тербеген көптеген мәселелер бар екені байқалды. Ал Қазақ тілі кафедрасының менгерушісі Ғазиза Иманалиева өз кезегінде ана тіліміздің дамуына қажет ғылыми негіздемелер туралы ұғынықты тілде айтып берді.

“Атамекеннің” алдағы жоспарлары төңірегінде жақында ғана Ұлт патриоттарының “Ұлт тағдыры” қозғалысының “Тау көтерген Толағай” жүлдесінің “Ат тұяғын тай басар” номинациясын иеленген Рақат Жақсыбайұлын сөзге тартқан едік.

– Жалпы “Атамекен” студенттік ұйымының негізгі мақсаты – студенттердің жалпы белсенділігімен қатар, патриоттық-ұлтжандылық сезімін арттыру болып табылады. Ұйым құрамында “Кім кінәлі?” деп аталатын көңілді тапқырлар командасы құрылған болатын. Былтырғы оқу жылында осы команда “Сұңқар” студенттік кәсіподағының жүлдесі үшін өткен КТК сайысында жалғыз өзі таза қазақ тілінде өнер көрсетті.

Алда бірнеше жоспарлар бар. Барлығымызға белгілі, алдағы 2006 жылы Алматы қаласының әкімшілігі іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізуге көшеді. Осы сынға біздің университет факультеттері мен кафедраларының, студенттік клубтар мен кәсіподақ, кітапханалар жүйесінің дайындығына сараптама жасау мақсатында ұйым ішінде құрылған студенттік топ барлық факультеттер бойынша рейд жүргізбек. Бұл рейд қорытындысын “Қазақ университеті” басылымына ұсынатын боламыз. Сондай-ақ университет деңгейінде ғылыми конференция мен пікір-сайыс турнирін өткізуді жобалап отырмыз.

P.S.

Жастық шақ – ерлік жасайтын шақ. Ендеше, университетіміздегі іс-шараларға ұлттық рең беруге ықыласты “Атамекен” ұйымына тек сәттілік тілейік.

Мадияр СӘБИТҰЛЫ



«КазНУ свободен от табачного дыма»

Так назывались дебаты среди студентов факультетов КазНУ им. Аль-Фараби, которые провели профсоюз «Парасат» и кафедра «Безопасность жизнедеятельности» в рамках проекта ВОЗ «Здоровые Университеты».

За год в Казахстане от заболеваний, вызванных курением, погибает 25000 человек, иными словами, население небольшого города.

По данным статистического опроса, проведенного Национальным центром проблем формирования здорового образа жизни, курить начинают дети с 7 лет. В целом по республике в возрасте 15-17 лет употребляет табачные изделия каждый третий школьник, который к студенческим годам (18-19 лет) уже становится регулярным курильщиком.

Из ответа опрошенных следует, что:

- 75,2% ежедневно курят сигареты;
- 2% ежедневно употребляют другие виды табака (нюхательный, жевательный);
- 8,9% курят 20 штук сигарет в день;
- 10,9% имеют признаки никотиновой зависимости.

По употреблению табака среди студентов и молодежи г. Алматы занимает лидирующее положение по республике. Отсутствует или не в полном объеме реализуется анти-



табачная политика в школах, вузах, колледжах. Не соблюдается Закон о запрете курения в общественных местах, продаже табачных изделий несовершеннолетним. В связи с этим акиматом города Алматы принята комплексная целевая городская антитабачная программа «Алматы свободен от табачного дыма», по которой осуществляются различные мероприятия, в том числе дебаты городского масштаба среди студенческой молодежи.

Дебаты по антитабачной пропаганде, проведенные в КазНУ имени Аль-Фараби 22 ноября текущего года имели продолжение. Победители участвовали в городских дебатах, в которых заняли 3-е место.

Н.С. Бергенева,
координатор программы
«Здоровые университеты»,
доцент кафедры «Безопасность жизнедеятельности»

Спорт

СПАРТАКИАДА - 2006

16 января 2006 года в спорткомплексе КазНУ состоится открытие 34-ой традиционной спартакиады «Здоровье». В соревнованиях, которые продлятся до 27 января, примут участие преподаватели, сотрудники и аспиранты университета, а также штатные сотрудники и аспиранты НИИ.

Данная ежегодная спартакиада проводится в целях дальнейшего развития физической культуры и спорта в свете стратегии развития университета, улучшения физкультурно-оздоровительной и спортивно-массовой работы в коллективе, а также укрепления здоровья сотрудников и пропаганды здорового образа жизни.

Общее руководство подготовкой и проведением спартакиады осуществляется профсоюзом «Парасат» и кафедрой физвоспитания. Непосредственное проведение возлагается на судейские коллегии по видам спорта. Главный судья спартакиады – председатель комиссии по спортивно-массовой и оздоровительной работе, член профкома, старший преподаватель кафедры физвоспитания Н.П. Таганова.

9 января в 14.00 на кафедре физвоспитания состоится заседание судейской коллегии с представителями факультетов и подразделений, на котором будут определены условия проведения соревнований по каждому виду программы.

По окончании спартакиады профсоюз «Парасат» наградит команды факультетов, которые займут призовые места в спартакиаде, дипломами соответствующих степеней, а команды, занявшие призовые места по отдельным видам программы, получат в награду грамоты и денежные призы.

Профсоюз КазНУ «Парасат»

Комек

Қайырымдылық

Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Парасат» кәсіподағы жылдағы дәстүр бойынша Қаскелеңдегі көмекші мектеп-интернаттың жетім балаларына Жаңа жылдық сыйлықтар тарту етіп, көңілдендіріп қайтты.

Балаларға базарлық ретінде киім-кешек, ойыншықтар, кітаптар, оқу құралдарымен қатар, 200-ден астам төттілерге толы сый қораптар табыс етілді. Сонымен қатар, Алматыдан келген қамқоршылары музыкалық орталықты сыйға тартқан кезде балалардың қуанышында шек болмады.

«Парасат» кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева мұндай қайырымдылық шаралардың болашақта да жалғасын табатындығын жеткізді.

Өз тілшімізден

Өрт сөндірудің алғашқы құралдарын білесіз бе?

Өртсөндіргіш – өрт сөндірудің ең алғашқы құралдарының бірі. Университетте көбіне көбік тәрізді және көмірқышқылды өртсөндіргіш пайдаланылады. Көбікті өртсөндіргіш қатты заттардың өртенуі кезінде, органикалық заттардың, 1000 вольтқа дейінгі электр қондырғыларының, жанғыш сұйықтардың, газдың бықсуы кезінде және көлік құралдарының жануы кезінде пайдаланылады.



Көмірқышқылды өртсөндіргіш те жоғарыдағыдай себептер кезінде қолданылады. Тек бір айырмашылығы, оны ауа жоқ жерде өрт болған жағдайда ғана тұтына аламыз.

Өртсөндіргішті іске қосу үшін пломбасын алып, қалпақшасын тартып, өртсөндіргішті оттың шығу көзіне қаратып, жұмыс рычагын басу керек.

Сол кезде көбікті сұйықтық немесе көмірқышқылды газбен қысылып, сыртқа шығады.

Өрт сөндірудің алғашқы құралдарын және тағы басқа өрт сөндіру құралдарын Алматы қаласы және Алматы облысы бойыншы «Өрт сөндіруші» республикалық мемлекеттік мекемесінің филиалына 42-72-10

телефон номеріне байланысу арқылы алуға болады.

М.С. ВИНОГРАДОВ,
Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша «Өрт сөндіруші» мекемесінің №1 өрт сөндіру бөлімінің инспекторы

Сары аурудан сақтану жолдары

Сары ауру (вирустық гепатит) – А, В, С, Д, Е вирустарымен қозатын жұқпалы бауыр ауруы. Өкінішке қарай, соңғы жылдары сары аурумен ауыратын жастардың саны артып келеді. Оған себеп, біріншіден, вирустық гепатиттердің таратушы көзі тек адам ғана. Екіншіден, оған шалдығу қатері өмір бойы сақталады, оның үстіне сары аурумен ауыру қаупі 10 мен 29 жас аралығындағы жастар тобында ерекше жоғары болып табылады.

Медициналық зерттеулер нәтижесі бойынша, А және В вирустары ағзаға ауыз арқылы түсетіні, ал В, С, Д вирустары ағзаға қан арқылы түсетіні анықталды. Барлық гепатиттердің ішінде ең жиі (80%-ке дейін) А гепатиті кездеседі. Ол су, тамақ және жеке гигиена және тұрмыс құралдары арқылы жұғады. Сондай-ақ бір шылдымды «шеңбер» бойынша екі немесі одан да көп адам тартқанда, тамақ жегенде ортақ үзімнен тістес болғанда, бір бөтелкенің аузынан бірнеше адам су ішкенде, бірнеше адам бір сағызды шайнағанда және кітап пен журналдар беттерін ауыстырар кезде қолдың саусақтарын түкіріктегенде сары ауру вирусымен сырқаттану қаупі жоғары.

В гепатиті қанмен ластанған инъекциялық инелер, шприцтер; зиянсыздандырылмаған стоматологиялық, хирургиялық құралдар арқылы; қан құйғанда, қан және қанның плазмасын тапсырғанда; инемен татуировка салғанда және жеке гигиена заттары (үстара, маникюр құралдары, тіс щеткасы және т.б.) арқылы жұғады.

Вирустық гепатиттердің белгілері оның барлық түріне ортақ. Олар:

- тәбеттің төмендеуі;
- оң қабырға тұсының шаншуы;
- дене қызуының 37,5 С-қа дейін көтерілуі;
- жүректің айнуы, кейде құсу;
- әлсіздік, бей-жайлық;
- зәр түсінің қоюланып, өзгеруі;
- нәжістің ағаруы;
- көз жанарының, жұмсақ таңдай, кейінірек қол, аяқ терісінің сарғаюуы.

Есте ұстар бір нәрсе, кейде сырқаттану кезінде терінің сарғаймауы да мүмкін. Сары аурудың алдын-алу шаралары:

- вакцинация егу;
- жеке бас және қоғамдық гигиена ережелерін сақтау;
- ішуге таза немесе қайнаған су пайдалану;
- көкөністер мен жемістерді және ыдыс-аяқты жуу.

Ал вирустық гепатиттің осы айтылған бірінші белгілері пайда болған жағдайда, дереу дәрігерге көрініңіз.

Ж.С. ЖҮНІСОВА, К.С. НЫСАНБАЕВА,
Қалалық студенттер емханасының дәрігерлері

ҚАЗҰУ-дың қызғалдақтары



Гүлназира МҰЖЫҚОВА,
филология факультетінің 2-курс студенті

*Тым албырт кезімде
Сен деп гүл тердім.
Бойдағы сезімге
Ат қойып бердім.*

*Тарқамас шөл бірден
Тәңірлік сый бұл.
Балқаймақ ерніннен
Қаната сүйдірі!..*

Бекжан ӘШІРБАЕВ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - «Парасат» кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің «Сұңқар» кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор -
Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары -
Нәйля Салқынова;
Жауапты хатшы -
Дарига Амангельдиева;
Көркемдеуші-беттеуші -
Нұрлан Сүйінбайұлы;
Фототілші - АМАЫРЖАН;
Кезекші редактор -
Алма Сайлауқызы

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» баспаханасында
(Жандосов көшесі, 55)
27.12.2005 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы - 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№ 106 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.